

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ СЮЖЕТНО-РОЛЕВОЙ ИГРЫ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА

Жандильдина Р.Э., Турсунбекова Г.И., Жусипбек И.Б.

Аркалыкский педагогический институт имени Ю. Алтынсарина, г. Аркалык, Казахстан

Аннотация: Дошкольное детство – это период формирования личности ребенка. В это время в психике подрастающего человека формируется привычка к социальному поведению. Это время очень подходит для формирования чувства доброты по отношению к другим людям.

Ключевые слова: дошкольное детство, личность, период становления. психика, социальные, привычки, доброта, чувства

PSYCHOLOGICAL POSSIBILITIES OF THE PLOT-ROLE PLAY IN THE FORMATION OF THE CHILD'S PERSONALITY

Zhandildina R.E., Tursunbekova G.I., Zhusipbek I.B.

Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

Abstract: Preschool childhood is a period of formation of the child's personality. At this time, a habit of social behavior is formed in the psyche of a growing person. This time is very suitable for the formation of a feeling of kindness towards other people.

Key words: preschool childhood, personality, formative period. psyche, social, habits, kindness, feelings

Психология мен педагогикада тұлға аралық қарым-қатынастардың достық, махаббат, әлеуметтік әсерлер, қақтығысушылықтар, жоралық әрекеттестіктер, күштарлық сияқты көптеген түрлері бар. Белгілі бір ұжымда, отбасында адамдар өздеріне жүктелген міндеттерін барынша нәтижелі орындауда әлеуметтік әсерлерлер негізінде қарым-қатынас орнатып жатады. Ал, белгілі қоғамда адамның өзіндік мәртебесі және шынайы әлеуметтік қатынастары, сол жердегі қабылдаған ережелерге сәйкес құрылған әрекеттестік жоралық әрекеттестікті бейнелейді.

Осылайша, әр адам әлеуметтік құбылыс ретінде нәтижелі байланыстар орнатуда «сауатты» түрде қарым-қатынас ұйымдастыра білуді үйренеді. Ол үшін өмір сүруін отырған қоғамда қабылданған тәртіп, ережелерді сақтау керек.

Ең бірінші, қарым-қатынаста адам өз көңіл-күйін, эмоциясын басқара білуі тиіс.

Қарым-қатынас барысында:

- тәртіптің «негативті» үлгілерінен алшақ болу;
- сөйлеушіні тыңдай білу;
- алғыс, ризашылық, білдіруге талпыну;
- сөйлеушіні жеке тұлға ретінде қабылдау;
- қарым-қатынаста шынайы болу керек.

Қарым-қатынасты ең алдымен дұрыс амандасудан бастау керек. Адамның жылы лебізі сәлемі айналаға қуаныш әкеледі. Сәлем шынайы болуы керек, осылайша ол адал қарым-қатынасты тудырады. Әр адамның қаншалықты тәрбиелі, мәдениет екендігі, сол адамның айнасы болып табылатын-адамнан байқалады. Адамның мәдениеті алдымен амандасуымен өлшенеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда белсенділіктердің ішіндегі ең маңыздысы сюжеттік-рольдік ойын болады. Ойынның алғашқы этаптарында балалар оның сырт келбетін ересектердің қимылына ұқсатқылары келеді. Ересектерге еліктеп ойнауды бастайды. Сол үшін де олар ойын барысында ересектерді еске түсіретін заттарды, я болмаса қимылдарды қолдануға тырысады. Бұлай ойнау балаға адамзаттың қолданып жүрген заттарын толық түсінуге мүмкіндік береді. Осындай тәсілмен балдырған адамзат мәдениетінен алғаш хабарлар ала бастайды. Осылайша қарым-қатынас баланың сюжеттік-рольдік ойынымен тығыз байланысып кетеді. Белсенділіктің бұл екі түрінің араласуы баланың қоршаған орта туралы түсінігінің кеңеюіне жағдай жасайды [1].

Мектепке дейінгі балалық шақ баланың тұлға қалыптасу кезеңі. Бұл кезде өсіп келе жатқан адамның психикасы, әлеуметтік жүріс-тұрыстың әдеті қалыптасады. Дәл осы кез басқа адамдарға деген мейірімділік сезімдердің қалыптасуына өте қолайлы. «Бұлай қалыптасудың негізі тек үйреніп және білім алып қана қою емес, сонымен бірге баланың өмірлік позициясының өзгеруі және де қоршаған

адамдармен жаңа қарым-қатынас орнатуы мен жүріс-тұрыста жаңа мотивтердің қалыптасуы да оның негізі бола алады,-дейді А.В.Запорожец.

А.Рузская баланың жан-жақты дамуындағы құрбыларымен жасаған қарым-қатынасын қарастырып, осы кездегі балалардағы жиі байқалатын келіспеушілік жағдайды, олардың пайда болу себептерін (ішкі, сыртқы) көрсетеді 5-6 жас аралығында бала келіспеушілік жағдайда бірнеше ұстанымда болады екен. Бір бала келіспеушілік жағдайда "менікі әрқашан дұрыс" деген ұстанымды сақтаса, екіншісі бала "мен бәріненде күштімін, жақсымын", ал үшіншісі бала "мен өзім үшін тұра аламын" деген ұстанымда болады.

Тәрбиеші балаларды ұжымға тарта отырып, үлкендерді және бірін-бірін тыңдауға үйретеді. Сол секілді, тіл дамыту сабақтарында да балалар халық ауыз әдебиетінің үлгілері (жұмбақтар, санамақтар, ертегілер, өлеңдер, т.б.) арқылы қарым – қатынас мәдениетінің үлгілерін игеріп отырады. Мысал әңгімелер мен ертегілерді оқығанда, сөз орамдары мен тіркестерді бала өз қарым – қатынасында қолданады және байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Баланы тұлға етіп дамытып қалыптастыруда қарым-қатынастың алатын орны ерекше. Жалпы, қарым-қатынас адамдар арасындағы өзара түсіністік, қоғамдық-рухани сапаларды бейнелейтін басты белгі бола тұра бірнеше қызмет атқарады.

С.В.Петерина қарым-қатынас мәдениетін мектеп жасына дейінгі баланың тәртіп мәдениетінің бір компонентіне жатқыза отырып, қарым-қатынас мәдениеті-баланың қоғамдық орындарда тұрмыста әдептілік көрсету, сөз қорын дұрыс қолдану, жағымды қатынас жасау деп түсіндіреді.

Автор мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда балабақша тәрбиешілеріне арналған бағдарлама ұсынады. Бағдарламада бала тәртіп мәдениеті әр топтағы балаларға, олардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру жоспарланған. Атап өтсек, бірінші сәбилер тобында баланың тәртіп мәдениетін топтық, ойын-жаттығулар, ойын-сабақтар ("Әр заттың өз орны бар", "Көңілді шеберхана", "Қуыршақты шомылдыру") арқылы қалыптастыру көрсетілсе, екінші сәбилер тобында тәрбиеші баланың тәртіп мәдениетін тәрбиелеуде оның көшеде, отбасында, балабақшада ұйымдастырылған әдепті қарым-қатынасына ерекше назар аудару керектігі туралы айтылады. 5 жаста балада дербестік сапасының қалыптасатынын ескере отырып, осы кезде тәрбиеші бала тәртібінде сезімталдық, зейінділік, әдептілік сияқты жеке тұлғалық қасиеттердің орнығуына да аса назар аударуы тиіс.

Орта топта тәрбиеші бала назарын үлкендерге, туыс адамдарына аударта отырып, сол адамдарға деген сый-құрмет, қамқорлықты тәрбиелейді. Ересектер тобында баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын бір жылда 5-6 рет, ұзақтығы 20-25 минутқа созылатын этикалық әңгімелесулерді ұйымдастыру жоспарланады.

"Әрқашан да әдепті бол", "Қоршаған адамдарға қуаныш әкел", "Менің досым", "Әдептілік ережелерін үйренеміз" тақырыптағы әңгімелесулер арқылы балада тәртіптің адамгершілік мотивтерін қалыптастыруға болады. Баланың қарым-қатынас мәдениеті тәрбиешінің ата-ана мен бірлескен әрекетімен жүзеге асады.

Автор бұл жайды ескере отырып мектепке дейінгі мекеме мен отбасының өзара ынтымақтастығын орнату мақсатында топ бойынша ата-аналар жиналыстарын, кеңес беру, ата-аналар семинарларын ұсынады.

Отандық ғалым У.И.Ауталипова мектеп жасына дейінгі баланың тілдік мәдениетін отбасында ата-ана газет-журнал, кітап оқу, ертегі-әңгімелер тыңдау, кино, театр, музей, көрмелерге бару арқылы қалыптастыруға болады дей келе, ата-аналарға белгілі ережелерді ескеруді ұсынады. Автор ұсынған бағдарламада:

- ата-аналарға әдебиет таңдауда бала жасын ескеру;
- тамашаланған теледидар бағдарламаларын баламен бірлесе талқылау;
- қарым-қатынаста баланың қимыл - қозғалысына, жүріс-тұрысына назар аудару;
- ата-ана, үлкендерге құрмет көрсету;
- қарым-қатыста ата-ана сөйлеу мәнеріне көңіл-бөлу сияқты мәселелер атап өтіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда сюжеттік-рольдік ойындарды ұйымдастыру маңызды.

Қоғам дамуының осы сатысында ойынның жаңа түрі — рольдік ойын пайда болады. Бұл ойын арқылы балалар өздерінің негізгі әлеуметтік қажеттілігін - үлкендермен бірге өмір сүруге ұмтылысын қанағаттандырады, өйткені бұл қажеттілік олардың еңбегіне қатысудың негізінде қанағаттандырылуы мүмкін емес. Өзімен-өзі жүрген балалар өзара бірігіп, қоғамдасып, үлкендердің әлеуметтік қатынасы мен еңбек іс-әрекеттерінің негізгі белгілерін қайталайтын ойын ұйымдастырып, өздері үлкендердің ролін орындауды алады. Сөйтіп, өндіріс пен өндірістік қатынастардың күрделіленуіне байланысты

баланың қоғамдағы ерекше орнына олардың үлкендермен ортақ өмірінің ерекше формасы ретінде біреудің ролін ойнау пайда болады.

Рольдік ойында заттың іс-әрекеттерді жаңғырту екінші кезекке ығысады да, қоғамдық қатынастар мен еңбек функциясын жаңғырту бірінші кезекке шығады. Сол арқылы баланың үлкендермен байланыс жасауы мен ортақ өмірінің қоғам мүшесі ретіндегі негізі қажеттілігі қанағаттандырылады.

Рольдік ойынның алғышарттары ерте балалық шақ бойына заттық іс-әрекетте пайда болады. Олар заттың ерекше тегінің— ойыншықтардың іс-әрекеттерін игеруден тұрады. Ерте балалық шақтың өзінде-ақ балалар үлкендермен бірлесе қимыл жасап, ойыншықтарды ұстап-тұрудың кейбір әдістерін үйренеді, ал кейінірек оны өздігінен атқаратын болады. Мұндай іс-әрекеттерді, әдетте, ойын деп атайды, бірақ дәл мына жағдайда осылайша тек шартты түрде ғана айтылуы мүмкін[2].

Рольдік ойындар белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруге ынтызарлықты оята отырып орындаушылық қабілетке де жетектейді. Рольдік ойынның мәні ойын барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабын ашуда. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойды да туғызады. Осындай ойындық жағдайда ғана қарым-қатынастық ерекше маңызға ие болады.

Рольдік ойындар ғана үйренушінің сөздік қорын молайта түсіп, өз бетінше тілді үйренуге үлкен септігін тигізеді. Рольдік ойындар негізінен, тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ғылыми, кәсіптік қарым-қатынасты ойдағыдай жүзеге асыруды көздейді.

Рольді ойын қиялдың дамуында анықтаушы орын алады. Ойын әрекетінде бала бір затты екінші затпен алмастыруға, өзіне түрліше рольдерді алуға үйренеді. Қиялды дамытудың негізіне осы қабілет жатады,

Мектепке дейінгі ересек балалардың ойындарында балама заттардың болуы міндетті емес. Балалар затты ойша түсінуге және олармен амал істеуге және өз қиялында жаңа жағдайларды жасауға үйренеді.

Рөлдік-сюжеттік ойындар тренингтік ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өзегі іспетті. Мұндай ойындар біздің зерттеуде коррекциялау (түзету) мақсатын көздемейді.

Біз гуманистік бағыттағы ғалымдар көзқарасына сәйкес, психологиялық ойындар арқылы баланың өзіндік дамуына көмек беруді мақсат еттік.

Рөлдік-сюжеттік ойындардың психологиялық әсерімен балада:

- өз-өзіне деген сенімінің бекуі;
- этикалық және адамгершілік негізінде мінез-құлық жүріс-тұрыстың меңгерілуі;
- қарым-қатынас дағдылары мен біліктерінің дамуы болатындай түрлері жинақталып, іріктеледі.

Рөлдік ойындар міндетті түрде топтық талдаумен аяқталады. Талдау екі бағытта жүргізіледі:

1) Қарым-қатынас жағыдайының құрамын балалардың толық та, адекватты түсінуін қамтамасыз ету;

2) Коммуникативті іс-әрекет механизмдерін біліп, түсінуге, дағдылануға мүмкіндік беру.

Рөлдік-импровизациялық ойындардың әсерін талдау «кілттері»:

- Қарым-қатынас құралдарының қолданылуы, сөздік қор, ым-ишара, (арақашықтық) дистанция, интонация;
- Қарым-қатынас біліктері мен дағдылары, өзара келісімге келу, қысым жасау, манипуляцияның көрінісі;
- Өзара әрекеттестік, өзара қатынас позициялары «тепе-теңдік», «жоғарыдан қарау», «төменнен қарау» болды.

Ал сюжеттік ойындардың алдын ала даярлаған сценарийі қажет. Онда ойынға қатынасушылардың өзара әрекеттесуі, өзара қатынас жасау позицияларының толық сипаттамасымен нұсқаулары құрастырылды.

Сюжеттік ойын мақсатының негізінде алдын-ала ойластырылып, бүкіл ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жоспарын құруда ескерілді. Сюжеттік ойын типтік коммуникативті ситуацияларды яғни балалардың баршасына дерлік тән жағдайлары талдауға бағытталды. Мұндай ойындарда күрделі коммуникативті ситуациялар моделденді. Әдетте импровизациялық ойынға қарағанда сюжеттік ойынға уақыт көп кетеді. Рөлдік-сюжеттік ойын барысында тренинг жүргізушінің көп кірісе бермеуі тиімді; ойын өздігінен ұйымдасатын болуы керек[3].

Рөлдік ойындар тренингтік жұмыстың сөңғы кездесулерінде ойналады. Себебі балалардың топ ішіндегі қарым-қатынасы интенсивті болып, өздері қарым-қатынас кезінде әр түрлі позициялар, стратегиялар, инициатива коммуникация ережелерін біліп, ситуацияларға талдау жасай алатын кезде ғана ойын тиімді болды. 5-6 жастағы балалардың тобында ойналатын сюжеттік ойынға 1-1,5 сағат уақыт керек. Мүмкіндік болса сюжеттік ойынды тұтастай бейнетаспаға түсірген жөн. Мұндай таспалар

талдау жасағанда кейбір ойын сәттеріне қатысты туындайтын даулы жағдайларды қарастыруда аса қолайлы.

Сюжеттік-рөлдік ойындар өзара байланысты позициялардың негізінде жинақталды. Мынандай ойындардың желісі құралды:

«Отбасындағы мереке», «Ормандағы бір күн», «Еріншек бала мен елгезек бала», «Дәрігердегі қабылдау», «Ойыншықтар сөйлейді», «Аңдардың әңгімесі» т.б.

1.«Ойыншықтар сөйлейді» бұл ойында әрбір бала топтағы ойыншықтардан бір-біреуден қолдарына алып, соның рөлінде, соның атынан өзінің ренжігенде, қуанғанда, өкінгенде, ашуланғанда, өтініш білдіргенде, ұялғанда не дейтінін, нені армандайтынын ортаға салады.

2.«Аңдардың әңгімесі» әрбір бала бір-бір ойыншық аңның рөлінде қу түлкі, ашулы арыстан, қорқан қоян, кекшіл кірпі т.т. бірігіп өздері қуә болған бір-бір қызықты оқиға айтады.

Еркін сюжеттік-рөлді ойын — мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты іс-әрекет. Оның тартымдылығы — ойнай отырып, бала субъективті еркіндікті сезінеді, тәжірибелік туынды іс-әрекеттегі қарсылықтарға тап болып, қиынға түсетіндердің барлығы — заттардың, әрекеттер және қарым-қатынастардың оған тәуелді екенін сезінеді. Сонымен қатар, педагогикалық әдебиетте балабақшадағы балалардың ойын іс-әрекеті тиісті деңгейіне жете алмайтыны туралы мәселе бірнеше рет көтерілген болатын. Ойын — кез келген әрекет сияқты бей-берекет пайда болмайды — ересектер тарапынан қалыптастырылады. Балалар ойнай алу үшін олардың саналарында эпизод-әрекеттердің жиынтығы тұрақталу тиіс. Балалар қандай әрекеттерді орындау керек екенін білулері қажет және меңгерген білімдерінен тек осындай лайық сәттерді таңдай біліп, оларды қиялдан құрылған жаңа сәттер ойлап таба білулері тиіс[4].

Сюжеттік ойын бала тарапынан шынайы, сезінетін өнімді талап етпейді, бұл ойында барлығы шартты, барлығы «әзіл сияқты». Бала елестеткен шегені ойыншық балғамен соға алады, бірақ шын мәнінде шегені соға алмайды, «дәрігер» болып, ауру қуыршақтарды «емдей» алады, ал шын мәнінде бұл «ересектердің» мамандығы бала үшін алшақ жатыр; шын өмірде ешқашан болмаған толғандыратын оқиғаларға енеді; өзін өзі ойдағыдай таныта алмай қалған жағдайларды қайтадан «бастан кешіп» жатады. Қазіргі заманның психологиялық-педагогикалық зерттеулерде сюжеттік ойын — адамның кез келген іс-әрекеті сияқты — балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжеттік ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде — спецификалық рөлдік ара-қатынастардың тізбегі ретінде, аса күрделі түрінде — әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін.

Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асыруы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті. Есейе келе, бала ойын барысында әр түрлі оқиғалардың бірізділігін өрістетуге тиіс, оларды өзінің және 2-3 құрдас-серіктестің ойластырғанына сәйкес ұластыру тиіс, сюжеттік оқиғаларды рөлдік ара-қатынас арқылы және заттармен әрекет ету арқылы жүзеге асыру тиіс. Балаларды ойынға тартып, олармен бірге ойнау үшін тәрбиешінің өзі белгілі бір түрде құрылған сюжеттік «тірідей» ойын процесінде балаларды қызықтыратын тақырыпқа сүйеніп, еркін өрістетуге үйрену керек.

Мектепке дейінгі кіші жастағы бала, рольді ойындағы сияқты ойын сюжетін жоспарламайды, ол қолына іліккен затқа байланысты өздігінен пайда болады. Мысалы, баланың қолында түтік болса, ол дәрігер, ал термометр болса, онда ол медсестра болады. Балалар арасындағы негізгі талас іс-әрекет жасайтын заттарды иемденуден пайда болады. Сондықтан да бір машинаны бір мезгілде екі шофер жүргізіп келе жатады, ауруды бірнеше дәрігер қарайды, түскі тамақты бірнеше ана пісіреді. Міне, сондықтан да рольдер бір заттан екінші затқа ауысуға байланысты жиі ауысып отырады. Сонымен бірге мектепке дейінгі кіші жастағы балалар арасында ойынның мазмұны ретінде көбіне адамдар арасындағы қарым-қатынас көрінеді.

Мектепке дейінгі ересектердің рольді ойынының мазмұны өзі қалаған рольден туындайтын ережелерге бағыну болып табылады. Бұл жастағы балалар ережелерді орындауға төтенше міншіл келеді. Ойында қоғамдық мінез-құлық ережелерін орындай отырып «не болатынына?» назар аударады. Сондықтан олар ненің болатындығы, ненің болмайтындығы жөнінде пікір таластырып: «Аналар бұлай істемейді», «Дәрігер ауруларды осылай қарай ма?» - және т. б. дейді. Сонымен, рольді ойын сюжеті мен мазмұнының дамуы айналасындағы үлкендердің өмірін баланың барған сайын тереңірек ұғына түскендігін бейнелейді[4].

Ойында кішкентай адамның мінезі, оның өмірге деген көзқарасы мен армандары айқындалады. Өздері де соны байқамастан, балалар, ойнап жүріп күрделі өмірлік проблемаларды шешуге

дайындалады. Бала кішкентайынан бастап белгілі бір мамандыққа бейімделіп ойнайды. Кәсіптік ойындардың мәнін терең түсінген тәрбиеші баланы осы кәсіпке қызықтыра білу үшін мадақтау, сендіру, түсіндіру әдістерін қолданады. Көзделетін мақсат - міндеттер:

- достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету;-
- адалдық қасиеттерін дамыту;
- балалардың ойын тапсырмалары мен ережелерін- орындауға бағытталған дербестігін тәрбиелеу;
- үлкендерге, құрдастарына- деген құрмет сезімін және олардың ойын үстіндегі қимылдары мен мінез-құлықтарына қызығушылық сезімін тәрбиелеу.

Ойынды ұйымдастыру алдында біраз жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- көліктер туралы білімдерін бекіту жұмыстары;
- мамандықтар туралы әңгіме өткізу;
- техникалық оқу құралдары арқылы автобуспен таныстыру;
- өз еріктерімен рөлдерді таңдауды үйрету.

Осыған байланысты 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда сюжеттік-рольдік ойын тек диагностикалық құндылығымен ғана емес, психологиялық әсерімен де байқалды.

Қорыта келгенде, кез-келген балаға деген жағымды, қарым-қатынас пен тиімді тәрбиелеу стилінің орын алуы баланың жалпы ақыл-ой және шығармашылық қабілетінің дамуының бастапқы алғышарттары болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Балабақшада 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы. –Алматы, 2005.
2. Шерьязданова Х.Т. Учите детей к общению. Алматы. 1992
3. Запорожец А.В., Лисина М.И. Развитие общения у дошкольников. М., Педагогика. 1992.
4. Байкова И.А. Особенности общения со сверстниками и взрослыми у дошкольников разным опытом жизни и воспитании // Новые исследования в психологии. М., 1982

Сведения об авторе (авторах):

Жандилдина Р.Е., Турсунбекова Г.И.Жүсіпбек И.Б. - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан

Иночкин И.

Московский государственный университет технологии и управления имени К.Г.Разумовского

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ МОТИВАЦИИ ДЕТЕЙ К ОБУЧЕНИЮ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

Аннотация: В данной статье рассматривается вопрос о мотивации как ключевом факторе влияющем на эффективность учебной деятельности. Рассматриваются современные методы мотивации детей, их особенности, преимущества и недостатки.

Ключевые слова: мотивация, методы мотивации, обучения, дети

EFFECTIVE METHODS OF MOTIVATING CHILDREN TO LEARN IN MODERN SCHOOL

K.G. Razumovsky Moscow State University of Technology and Management

Abstract: This article will talk about the factor increasing the results of learning - motivation. Modern methods of motivating children, their features, advantages and disadvantages will be discussed.

Keywords: motivation, methods of motivation, learning, children

Актуальность проблемы повышения учебной мотивации детей обусловлена задачами повышения успешности обучения. Темпы развития современного общества требуют быстрой ориентации и самореализации человека в обществе, что предполагает высокий уровень обучаемости. Он не возможен без учебной мотивации детей, которая на современном этапе оставляет желать лучшего. На сегодняшний день система образования любой страны направлена на подготовку и развитие специалиста по важнейшим и актуальным областям профессиональной деятельности. Однако